



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

«Байконур» 2. Совершенствующаяся государственная поддержка космической деятельности (на основании 2.1) 3. Обеспечение экологического контроля космической деятельности в рамках нормативных документов (на основании 2.1)	2. Недостаточное развитие собственных космических программ 3. Недостаток в специалистах (на основании таблицы 5) 4. Отрицательное влияние ракетного топлива – гептила – на экологию и население граждан РК
Возможности	Угрозы
1. Совместное создание с РФ экологически безопасного КРК «Байтерек»	1. Строительство Россией нового космодрома – «Восточный» - уже на своей территории. 2. Конкуренция со стороны других космических держав 3. Мировой экономический кризис 4. Сохранение экологической опасности на территории РК

В целом, у РК есть большой потенциал в развитии космической отрасли. Действие государственных программ, соответствующих государственных предприятий направлено на создание полноценного космического сектора способствующего ускорению индустриально-инновационного развития экономики республики, укреплению национальной безопасности и обороны. Так, утверждаются различные нормативные акты, документы, программы в целях повышения конкурентоспособности Казахстана в рамках космической отрасли. В этом особое место отводится Казкосмосу. Также, например, в реализации программы по развитию космической деятельности в РК на 2010 — 2014 годы принимали участие АО «Национальная компания «Қазақстан Ғарыш Сапары», АО «Совместное Казахстанско-Российское предприятие «Байтерек», АО «Республиканский центр космической связи и электромагнитной совместимости радиоэлектронных средств», АО «Национальный центр космических исследований и технологий», РГП «Инфракос», ДГП «Инфракос-Экос».

Список использованных источников:

1. Государственная программа Индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы.
2. Послание Президента РК народу Казахстана от 14 декабря 2012г.
3. Аэрокосмический комитет министерства оборонной и аэрокосмической промышленности республики казахстан, официальный интернет-ресур - <https://kazcosmos.gov.kz/ru>

УДК: 330.88

**ҚАЗАҚСТАНДА АҚПАРАТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ
ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ**

Дидарқызы Құралай, Талибаева Айнұр Иембергенқызы

Kuralay-02@mail.ru, Talibayeva1999@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультетінің

Э-11 студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Досмағанбетов

Қазіргі таңдағы экономиканы «ескі индустрияландырумен» алмастыратын ақпараттық технология мен Интернетке негізделген жаңа экономиканың орын алуына көп уақыт қалған

жоқ. Технологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, ақпараттық коммуникациялық технологияны ғылыми-техникалық прогрестің кезекті бір кезеңі ретінде қарастыруға толық негіз бар. Алайда осы аталған ғылыми-техникалық төңкеріс кезеңінің басты ерекшелігі - ақпараттық кеңістікке кірігуде адамзат қызметінің басты түрлері болып табылатын өндіріс, өңдеу, ақпарат таратусияқты процесстер жаңа постиндустриалды қоғамның қалыптасуына алғышарт бола алады. Соңғы бірнеше жылдан бері ақпараттық технология қызметтері ел экономикасы дамуының негізгі факторы болып келеді [1].

Ақпараттық қоғамда басты ресурс ақпарат болып табылады, дәл осы ақпаратқа ие болу негізінде әр түрлі процестермен құбылыстар туралы кез келген қызметті тиімді және оңтайлы құруға болады. Ақпараттық экономика – экономикалық адамдар арасындағы ақпараттық технологиялар және әртүрлі меншіктің қалыптарын қолдану жағдайларындағы қарым-қатынастар. Ақпараттық экономика әдісі ақпараттық экономикалық синергетика, трансакциялық шығындар теорияларының әдіснамасынан, қазіргі жедел аутсорсинг және реинжиниринг экономикалық үдерістерінен шығады [2].

Ақпараттық экономиканы қалыптастырудың негізгі белгілері – компьютерлердің болуы, компьютерлік желілерді және сондай-ақ, күнделікті қызметте ақпараттық және коммуникациялық технологияны пайдаланатын, ақпараттық салада қамтылған халықтың санын дамыту деңгейі болып табылады. Ақпараттық қоғамның негізі - адам қызметінің барлық салаларын кеңейту, әртүрлілік пен таңдау мүмкіндігінің болуы, бизнес, ғылым, білімде өзара ақпараттық қарым-қатынасты қалыптастыру, ақпараттық ресурстардың қолжетімділігін арттыру. Мемлекеттің ақпараттық мүмкіндігін анықтау мақсатында АҚШ мамандары ақпараттық экономика индексі ұғымын енгізген. Ақпараттық даму стратегияларын немесе кешендік бағдарламаларды жүзеге асырып жатқан Канада, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, АҚШ тәрізді дамыған елдерде бұл индекс жоғары болып табылады [3].

Алайда бүгінгі күні өзекті болып тұрған әлеуметтік мәселе - халықтың ақпараттық-коммуникациялық технологияларға деген қол жетімділігінің төмендігі. Дегенмен, еліміздің ақпараттық қоғамды дамытуда ешқандай жұмыс жасап жатқан жоқ деп айтуға негіз жоқ. Қазақстан өз кезегінде жаһандық ақпараттық қоғамның қалыптасу процесіне барынша үлес қосуда. Сол себепті барлық қажетті шарттарды тудыру үшін ҚР Президентінің жарлығымен 2013 жылы 8 қаңтарда «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасы әзірленген, ол еліміздің ақпараттық қоғамға толыққанды ауысуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бағдарламада қол жетімді электронды денсаулық сақтаудың қызметтерін алуға, қашықтықтан жұмыс істеуге, өмірлік оқу және дайындық, электрондық білім арқылы ақпараттық технологиялармен жұмыстардың дағдыларын алуға және меңгеруге азаматтарға мүмкіндіктер тудыру үшін шарттар көзделген. Сондай-ақ, біздің елдің неғұрлым ашық, қол жетімді және бәсекеге қабілетті экономикасын құру мақсатында Бағдарламамен экономиканың негізін қалайтын саладағы зияткерлік жүйелерді барынша көп енгізу көзделеді. Ақпараттық экономиканың өнімі ақпараттық-электронды салада теориялық, методологиялық және практикалық шешімдер қабылдау мен ұсыныстарды арттыруда.

«Ақпараттық Қазақстан - 2020» бағдарламасының негізгі индикаторлары:

- Қазақстан 2020 жылға дейін дүниежүзілік банктің «doing business» рейтингінде алғашқы 35 мемлекеттің тізіміне енуі қажет;
- «Электрондық үкімет» индексінде (БҰҰ-ның әдістемесі бойынша) 2020 жылға дейін алғашқы 25 мемлекеттің тізіміне енуі қажет;
- Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының қол жетімділігі - 100%;
- Интернет желісінің қолданушылар саны 2020 жылы - 75 %;
- Қазақстан халқының әңгірлік цифрлық телерадиохабарларды тарату мен қамту – 95%;
- Елдің ЖІӨ-гі АКТ үлесі – 4%;
- Денсаулық сақтаудың бірыңғай желісіне қосылған денсаулық сақтау ұйымдарының үлесі – 100%;

- Бірыңғай ұлттық ғылыми-білім беру желісіне қосылған ғылыми-білім беру мекемелерінің үлесі – 100%;
- Компьютерлік сауаттылық деңгейі - 80 %;
- Қазақстанда тіркелген БАҚ-тың жалпы санындағы электрондық БАҚ-тың үлесі – 100%.
- Электрондық түрде төленетін тауарлар мен қызметтердің жалпы айналымындағы қазақстандық интернет-дүкендердің айналым үлесі – 40%.
- Электрондық түрде ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің үлесі - 50% [4].

Елбасы аталған бағдарламаны қабылдау кезеңінде өз көзқарасын былай жеткізген еді: «Бұл санамызды жаңғыртатын, тіпті, түбегейлі өзгертетін сәт. Бұдан былай адамзаттың өмір сүруі ақпараттық экономиканы меңгерумен байланысты әрі оны тиімді пайдалануында болмақ. Ақпараттық экономикаға көшуге байланысты іс-шаралары ұлттық экономиканың қарқынды дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі факторына айналуға» деген болатын.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы Қазақстан экономикасының негізгі секторына айналуға. Ол телекоммуникация, пошта қызметі, ақпараттық технология және телерадиосигналдардың таратылуынан тұрады. Дүниежүзілік Банк соңғы төрт жылда ақпараттық технологияларды қолданудағы Орталық Азия елдеріне тән прогрессті анықтаған. Банк мәлідемесі бойынша, аталған прогресстің Қазақстанда орын алуына «электронды үкімет» жобасы, мемлекеттік қызмет көрсетудің ғаламтор желісі арқылы жүргізілуі, шенеуніктердің әлеуметтік желідегі жазбалары, сонымен қатар мемлекеттік мәліметтердің ашық түрде болуы әсер етті. «Электронды үкімет» жобасы нарықтағы ақпараттық технологиялардың үлесін жылына 20%-ға жеткізуге ықпал етті. Электронды қызмет көрсету электронды үкімет саласындағы басты көрсеткіш. Мемлекеттік портал электронды үкімет қызметтеріне көруге барынша жағдай жасайды

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2013 жылы 6-74 жас аралығындағы тұрғындар арасында ғаламтор желісін пайдаланушылар үлесі 63,3%-ды, компьютер қолданушылар 63,25%-ды құраған. Бұл өз кезеңінде елімізде ақпараттық технологияларды халықтың игеру мен пайдалануында ілгерілеу бар екендігін аңғартады. 2012 жылы Қазақстан электронды үкімет жүйесіндегі өз орнын жоғарылатып, дамушы елдер арасында екінші орынға табан тіреді. Халықаралық электробайланыс қауымдастығының мәліметі бойынша, Орталық Азия елдері арасында Қазақстан Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Өзбекстан сынды елдерді басып озып, 69 орынға жайғасты.

Бәріне мәлім бір ақиқатты айта кетер болсақ, ақпараттық ресурстардың бастысы аз құралдармен белгілі затты қалыптастыруға әкеледі. Осыған байланысты қор нарығын, капитал нарығы, еңбек нарығы, жер нарығына дәстүрлі түрде бөлуде кейбір өзгерістерден өтеді. Қазіргі жағдайда жалпы нарықтың әсерімен жүргізілген дәстүрлі қор нарығындағы түпкілікті өзгерістер – ақпараттық ресурс нарығында байқалады. Өз кезегінде ақпараттық ресурстар мен ақпараттық тұтынушылық арасында тығыз әрекеттесулер бар. Жеке және өнімді тұтынушылықты қамти отырып, ақпараттық қажеттіліктер түрлі құрам мен сипатта болады. Ақпараттық қажеттілікке байланысты ең бастысы реттелген және ұйымдасқан экономикалық ақпарат жайлы айтылады. Үлкен көлемді ақпарат және нарық жағдайында, ақпараттың қажеттіліктері ұтымды түрде ұйымдасқан қорларға қарағанда тез өсуде. Бір жағынан ұйымдық ақпараттағы тұтынушылықтың дамуы арасында заңды қарама-қайшылық туындайды (мысалы, уақытында қабылданған және орындалған шешім) екінші жағынан, ақпараттың қарқынды шексіз өсуі, ұйымсыздығы мен ретсіздігі. Осыдан тұтынушылық қарым-қатынасының дамуы уақытында мұндай қарама-қайшылықты шешумен байланысты. Осындай қарама-қайшылықтарды шешудің басты бір белгісі ақпараттық экономиканы уақытында өңдеу және ағымдарды түрлендіру болып табылады.

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастарға енуі объективті түрде ақпараттық нарықтың құрылуын талап етеді. Көптеген дамыған елдерде ақпараттық нарық материалдық өндіріс пен қызмет көрсету салаларын нәтижелі түрде қамтамасыз етіп отыр. Ақпарат қазіргі

кезде ұлттық стратегиялық ресурстың бір түріне айналды, және де ол айрықша тауар ретінде жалпы ұлттық өнімнің айрылмас бөлігі бола тұра, ақпараттық өнімдер мен қызметтер нарығында өз сұранысы мен ұсынысына ие. Қазақстан Республикасы экономикасының ақпараттық аспектісінің қызмет етуі мен дамуы уақыт өте келе аса маңызды орыналуда, сондықтан экономиканың барлық нақты жағдайларын ақпараттық кеңістікте жариялау арқылы, оны Қазақстан Республикасының барлық ресурстарының тиімді әсерлесуін қамтамасыз ететін ғылымға негізделген ақпараттық технологиялардың көмегімен басқаруға мүмкіндік береді. Көптеген кәсіпорындар нарықтық жағдайда ақпаратты кез келген мүлік секілді сақтауды, қорғауды және пайдалануды талап ететін бағалы ресурс ретінде қарастырады. Өндірістік және шаруашылық қызметті басқаруға қажетті ақпарат алу мақсатында кәсіпорын бухгалтерлік ақпараттық жүйесін құрады. Бухгалтерлік есептегі ақпараттық жүйе – бұл экономикалық объектіні басқаруға қажетті ақпаратты жинау, сақтау, жаңарту, өңдеу, қайта өңдеу және оны сыртқа шығару жүйесі. Бухгалтерлік есептегі ақпараттық жүйесінің қазіргі нарығы өте үлкен қарқынмен дамуда. Оның даму тенденциясын келесідей факторлар арқылы айқындауға болады. Біріншісі Қазақстан Республикасының экономикалық басқару құрылымдарын қайта құру мен және қайта ұйымдастырумен, яғни көптеген шағын кәсіпорындардың, фирмалардың және әртүрлі мүлік нысанындағы банктердің пайда болуымен байланысты. Екіншісі барлық есеп саясатының, есеп әдістемелері мен әдістерінің өзгеруіне алып келген халықаралық есеп талаптарына сай, Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп стандарттарының жасалуы мен енгізілуіне байланысты. Үшіншісі – бұл қарқынды түрде дербес компьютерлер мен программалық өнімдердің сырттан әкелінуі. Төртіншісі – бұл телекоммуникация құралдарын пайдалану арқылы техникалық және программалық-ақпараттық платформалардың енгізілуіне негізделген жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы. Бұл бітіру жұмысы іс-сапарлар шығыстары есебінің ақпараттық жүйесіне негізделген. Бітіру жұмыстың мақсаты – кез келген уақытта пайдаланушының сұранысына байланысты ақпаратты алып беруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, бухгалтерияда ақпаратты өңдеуді автоматтандыруға арналған іс-сапарлар шығыстары есебінің ақпараттық жүйесін құру [5].

Ақпараттық экономикаға түбегейлі көшу аз уақыттың шаруасы емес. Бұл ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың басты шарты. Тәжірибелік мағынада Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік қалпының креативті бір түрі оның негізі болып табылатын әлеуметтік бағытталған ақпараттық экономикаға айналуы қажет. Ақпараттық экономика жағдайында адам кертартпалық жұмыс күші мен кертартпалы-ой еңбегінен арыла отырып, шығармашылық еңбек пен кәсіпкерлік қызметке көп уақыт бөледі. Экономикалық ақпараттық жүйе біздің жаңа қоғамымызда экономикалық, саяси, ақпараттық, ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін пайдалану нәтижесінде жариялылықты, демократияны пайдаланып ұстаздар оқу-тәрбие процесіне өзгерістер енгізуде. Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыталуда. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті болып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Садықов Т.Ү. Ақпараттық экономика: оқу құралы / Тұрдыбек Үмітқанұлы Садықов, Арғын Серғазыұлы Оспанов; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 139 б.
2. Садықов Т.У. Методология информационной экономики. Научная монография. М.: «Теис», МГУ им. М.В. Ломоносова, 2010.
3. Бабажанова Ж.А. Ақпараттық экономика: оқу-әдістемелік құралы / Ж.А. Бабажанова; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 159

4. «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» 2013жылғы 8 қаңтардағы № 464Жарлығы.
5. Жаманкарин М.М., Макенова М. Х. Развитие информационно-коммуникационных технологий в Казахстане // Молодой ученый. -2015, №4. -С.175-176.

УДК 33.3347 (547)

КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ МЕНШІКТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Дулатбаева Қымбат Манарбекқызы, Лес Жұлдыз

kdulatbaeva@mail.ru, leszhuldyz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Ақпараттық технологиялар факультеті «Ақпараттық жүйелер мамандығының 1 курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Смаилова Д.О

Меншік ұғымын естіген кезде, ойымызда қандай пікір қалыптасады? Ең бірінші кезекте меншік ұғымымен кез келген тұлға, өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланыстырады. Себебі, меншіктенуші мен меншіктен алшақталған немесе меншігі жоқ адамдардың әлеуметтік жағдайы тең емес. Меншіктенуші оны иемдене отырып тұрмыс жағдайын көтергенін және меншік көп жағдайда табыс көзі болып отырғанын өмір көрсетіп отыр.

Кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының көптеген факторларының ішінде кәсіпкерлік қызмет маңызды рөл атқарады және ол меншікпен тығыз байланысты. Кәсіпкерліктің мәні мен маңызын ашу үшін біз меншік ұғымына толығырақ тоқталып кетсек дейміз.

Меншік ұғымын тарихи тұрғыдан қарастырсақ, ол жеке адаммен, қоғаммен бірге пайда болған, бірақ алғашқыда бұл ұғым тікелей жермен байланыстырылған. Себебі, алғашқыда меншік адамның табиғи және өндіріс жағдайларына қатынасын байқатады. «Меншік» терминінің мәнін түсіндіріп беру үшін біз келесідей мысал келтірейік: адам аяғы баспаған аралда Робинзон бір өзі өмір сүрді деп ұйғаралық. Ол табиғаттың жемісін, атап айтқанда, банан жеп, өзеннен балық ұстап, пальма жапырақтарынан киім киіп тіршілік етеді. Ал Робинзон өзі-өзіне осының бәрі менің меншігім деп айта алар ма еді? Өзін айнала қоршаған материалдық игіліктердің бәрі де менікі деген түсінік оның миына да кіріп шықпас еді. Қоршаған, көзге көрінгеннің бәрі де менікі деп айту үшін, ең болмағанда тағы бір адам болуы шарт. Осы мысалдан шығатын қорытынды: меншік — адамның затқа жай қатынасы ғана емес, меншік осы затпен байланысты адамдар арасындағы қатынас. Осымен қатар, «Меншік» термині әртүрлі мағынада пайдаланылады. Мысалға айтатын болсақ, күнделікті өмірде меншік көбінесе, мүлікпен теңестіріледі. Бірінші жағдайда «мынау менің меншігім» деуге болады. Екінші жағдайда «меншік иемдендім» дейді. Құқықтық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, мұның екеуі де дәл емес. Олай айтуымыздың себебі, ең алдымен меншікті меншік құқығынан ажырата білу қажет. Меншік-экономикалық, ал меншік құқығы-заңдық санат. Біздің ойымызша, меншік құқығын зерттеу, ең алдымен оның экономикалық санатымен танысудан басталады. Меншік-экономикалық жүйенің негізі болып табылатын, күрделі де, көпқырлы құрылым (сурет 1).